

12006

6006к

КАЗІРГІ  
ҚАЗАК  
ПОЭЗИЯСЫ

Байбота  
Серікбайұлы  
Қошым-Нофай

*Мәңірі  
таразысы*





# Байбота Серікбайұлы Қошым-Нофай

*Мәнірі  
таразысы*

**Бақ пенен сор кітабы**

*өлеңдер,  
балладалар,  
рубашлар,  
сочеттер*

М  
Алматы  
“Жазушы”  
2005

ББК 84 қаз 7-5

К 69

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің багдарламасы бойынша шығарылды*

**Қошым-Ногай Б.С.**

**Қ 69 Тәңірі таразысы:** Бақ пенен сор кітабы. Өлеңдер, балладалар, рубайлар, сонеттер.— Алматы: Жазушы, 2005.— 408 бет.

ISBN 9965-746-10-9

Талантты ақынның бұл жыр жинағына оның бұдан бұрын жарық көрген кітаптарындағы өлеңдерінің ең тәуірлері және бірқатар жаңа туындылары іріктеліп алынды. Жаратылыстың үлі перзенті адам жанының нәзік пернесін басып, жүрек қылын шертетін лирикалық тебіреністер мен тереңге тартқан иірімдер оқырмандарының өр қылдың көңіл күйімен үндесіп, кешегі күн мен бүгінгі сәттің біртұстастығын аңғартады, тұңғирық ойға жетелеп, жарқын да мұнды сезімге бөлейді.

К 4702250202-017  
402(05)-05

ББК 84 қаз 7-5

ISBN 9965-746-10-9

© Қошым-Ногай Б.С., 2005  
© “Жазушы” баспасы, 2005

II

21.512.122-1

ББК 84 қаз 7-5

Қ 69



Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің бағдарламасы бойынша шыгарылды

# Есімдік Сабак-Жолы Кошым-Ногай

Қошым-Ногай Б.С.

Қ 69 Тәңірі таразысы: Бак ғенен сор кітабы. Өлеңдер, балладалар, рубайлар, сонеттер.— Алматы: Жазушы, 2005.— 408 бет.

ISBN 9965-746-10-9

Талантты ақынның бұл жыр жинағына оның бұдан бүрын жарық көрген кітаптарындағы өлеңдерінің ең тәуірлері және бірқатар жаңа туындылары іріктеліп алынды. Жаратылыстың улы перзенті адам жанының нәзік пернесін басып, жүрек қылын шертетін лирикалық тебіреністер мен тереңге тартқан ірімдер оқырмандарының әр қылы көніл күйімен үндесіп, кешегі күн мен бүгінгі сәттің біртұастығын аңғартады, тұңғылқ ойға жетелеп, жарқын да мұнды сезімге бөлейді.

Қ 4702250202-017  
402(05)-05

ББК 84 қаз 7-5

ISBN 9965-746-10-9  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯның  
ПХАНАСЫ  
№ 00026138

© Қошым-Ногай Б.С., 2005  
© “Жазушы” баспасы, 2005





## ҚАЗЫҒҮРТ

Қазығурттың басында кеме қалған...

*Халық өлеңі.*

Қазығүрт, сенің көк теңіз егізің шығар,  
жанарын алмай қарайды аспан да саган.  
Айвазовскийдің әйгілі “Тоғызынышы вал”  
картинасынан аумайсың тастан қашаған.

Елесі кеп түр балалық шақтың маган да,  
әңгімесінен әкемнің сырттай қанғанмын:  
тоғыз вал толқын шыныңа лақтырмада,  
қайырлар ма еді кемесі Нұх пайғамбардың?!

Фұмырдың мынау керуен сарайына біз  
қонақ боп келіп,  
адамзат көшін көргенбіз.  
Айтады талай сен жайлы ағайын аңыз:  
шыныңда қалып аман-саяу,  
төсінде өргенбіз.

Төсінде өргенбіз,  
қара Жер емшегін емген  
қозыңбыз,  
бірақ қалмадық төсінде мүлде.  
Қазығүрт – Ана, кішкентай бөлшегің ем мен,  
есіндеңмін бе,  
айтшы, Ана,  
есіндеңмін бе?!

Қазығүрт, сенің көк теңіз егізің шығар,  
жанарын алмай қарайды аспан да саган.  
Айвазовскийдің әйгілі “Тоғызынышы вал”  
картинасынан аумайсың тастан қашаған!..



## АРАКС АҢЫЗЫ

*Баллада*

### Бірінші елес

Байырғы дала,  
байырғы үн —  
байырғы бәрі...  
Аракс Шорға ұмтылып,  
бүрқанып ақты.  
Кыз-жігіт өнге толтырып  
қайыл қылады

адырды,  
сайды,  
татырды,  
қырқаны,  
бақты...

Байырғы дала,  
байырғы үн —  
байырғы бәрі...  
Сен жүрді, бәлкім, Сейхунда, сірә, тағы бір...  
Байырғы дала,  
байырғы үн —  
байырғы бәрі...  
Дауысы неткен ашы еді мұраталының?!

Байырғы дала,  
байырғы үн —  
байырғы бәрі...  
Көзінді салып,  
окырман қара бір КЕРІ:  
Сейхунның сұзы жағаға жайылды дағы,  
қауызын жарды көктемнің лала гүлдері.

Арғымақ мінген балаң мұрт бозбала дағы,  
дулығасының шағалы шағылып Күнге,  
құралшы қызға құмар боп көз қадағаны  
ғажап-ая,  
ол да тұр, әне, қағынып мұлде!



Фажамның ару қыздары-ай!  
Қырық қылықпен  
батырды байлап,  
өзіне ғашық етеді.  
Шара көз шабдар мінген де жүріпті тілтен  
сонынан еріп!  
Не деген қасірет еді!

...Түйесін тіздең,  
биесін желіге байлап,  
ақсөңке жинаң от жақты бүгін де бәрі.  
Алаулап жалың,  
мұнартып көрінеді аймақ,  
Ақ боз үйге енді Томирис күлімдеп алып.

### Томирис толғауы

Желіктің бе, Кир,  
жесір деп мені?!.  
Басылсын енді желігің!  
Баламды берсөн,  
кешірмек те едім!  
Қолымда бүгін өлігің!

Сарбаздарымды бадаға мас қып,  
түсірдің алдаң тұтқынға.  
Ойлап ең маған,  
балама қастық,  
зауалың жетті,  
үқтың ба?!

“Спаргализді қайтар!” – деп,  
сенен  
сұрадым жауышы жіберіп.  
Көп күттім!  
Күттім:  
“Айттар, – деп, – сәлем”.  
Отырдың сен де түнеріп.

Күнөң да көп-ау Құдайға,  
білсөн,  
ал бізге күнөң одан көп!  
Аракс суын лайладың сен,  
қалқыма көпір салам деп.



Ботана тасқын бойынды қарыш,  
жиіркенген-ді Аракс,  
өлімді жүрдің ойын ғып өрі,  
сенгенің байғұс қара күш!

Патшалық құрса,  
әмірі кімнің  
жүрмейді?!.  
Рас,  
қатын ем.  
Массагеттердің Тәңірі – Күннің  
ант еткем бірақ атымен...

Жендім-аяу,  
жаным тыншып түр өрең,  
Аяусыз жазаң бар, залым!  
Тірідей  
қанға тұншықтыrap ем,  
ұшында кеттің саржаның!

### Екінші елес

Байырғы дала,  
байырғы үн –  
байырғы бәрі...  
Аралға Әму ұмтылып,  
бұрқанып ақты.  
Кыз-жігіт әнге толтырып  
қайыл қылады  
адырды,  
сайды,  
татырды,  
қырқаны,  
бақты...

Байырғы дала,  
байырғы үн –  
байырғы бәрі...  
Сен жүрді, бәлкім, Сырда да, сірә, тағы бір...  
Байырғы дала,  
байырғы үн –  
байырғы бәрі...  
Дауысы неткен аңы еді мұраталының?!



Байырғы дала,  
байырғы үн –  
байырғы бәрі...  
Көзінді салып,

окырман, қара бір БЕРІ:  
Даламның даңқы ғаламға жайылды дағы,  
жебедей зулап зымыран барады ілгері.

Күріштікегі балаң мұрт бозбала қайда,  
тұратын еді орағы шағылып Күнгे!  
Құралпы қызға құмар боп көз қадамай ма,  
қол бұлғап,  
ол да өтетін қағынып бірде!

Қазақтың ару қыздары-ай жүлдyz қадаған,  
жүлдзыздар да оған қарайды жақындал келіп!  
Қаншама гүл-гүл қарыздар бір қызға далам,  
қаншама өлең қарыздар ақын дәптері!

...Түйесін тізден,  
биесін желіге байлаап,  
ақсөңке жинап от жақты бүгін де бәрі.  
Алаулаап жалын,  
мұнартып көрінеді аймақ,  
ақ боз үйге енді анашым күлімдеп алыш...

## ҒҮНДАР ЖЫРЫ

*Цилянь-шань*, название гор в Гань-су; лежат в 100 ли от г.Гань-чжеу-фу на юго-западе. Сии горы изобилуют хвойным и разным лесом и травами. Хунны после потери их пели в песнях: “Отняли // у нас Цилянь-шань, отняли средства к размножению скота”.

*Н.Я.Бичурин.*

### I

Сыландал сұлу тауларым,  
миуа толы бауларым  
артымда қалып барады.



Қысылған кезде қорғаным  
бала алмай қалың орманым,  
жүргегім менің жаралы.

Жер-Сұға мұнша құнығар  
атаңның қандай құны бар?

Асыр сап аунап-қунаған,  
думаным қызып дулаған  
ордамнан мені көшірдің,  
балығы тайдай тулаған,  
бақасы қойдай шулаған  
көлімнің үнін өшірдің.

Жер-Сұға мұнша құнығар  
атаңның қандай құны бар?

Басылмай жатып құмарым,  
тұғырдан тайды қыраным,  
салушы ем баптап сонарға.  
Татсам деп тірлік тәттісін  
жүргенде үшты-ау бақ құсым,  
басыма қайтып қонар ма?

Жер-Сұға мұнша құнығар  
атаңның қандай құны бар?

## II

Бұл тағдыр опа бермеді маған,  
қобызын тартты мұң-қайғы.  
Тірліктің, сірә, кермегіне адам  
тоймай ма,  
өлмей тынбайды.

Айғырдай жүрген үйірін сүріп  
күнімнің, міне, озғаны.  
Келе жатқанда бүйірім шығып,  
орыннынан табғаш қозғады.

Қомсынбай қонар қонысым қалды,  
қол бұлғап құтым,  
ардақтым.  
Атамның жауы өрісімді алды,  
қарыма тартпай,  
зар қақтым.



Тәнірім жебеп жауызды кілен,  
еншілеп шер мен шеменді,  
арғымағымның ауыздығымен  
алысып келем мен енді!..

### III

Қайта айналып көретін күн бола ма, Сылаң-шың,  
сенің дағы басыңа мұң қона ма, Сылаң-шың?  
Бұғалықтап асауды, асыр салған ғұндарды  
шыршаларың сағынып ыргала ма, Сылаң-шың?

Жасыл жайлау төсінде қой қаптаған Сылаң-шың,  
баурайында қозы-лақ ойнақтаған Сылаң-шың,  
қызықпен таң атырған қыз-қырқынның ішінде  
қапа болар бұл күнді ойлатпаған Сылаң-шың!

Қызғалдақтар қырқаңда қаулады ма, Сылаң-шың,  
боз биенің шөлдедім саумалына, Сылаң-шың.  
Жел айдаған бұлт сынды бақ шіркіннің шынымен  
басымыздан біздердің ауғаны ма, Сылаң-шың?

Қолға қыран қондырып, тұлкі қуған Сылаң-шың,  
тұлкі айласын асырып, күлкі буған Сылаң-шың,  
өзегімді өртеді оттай ыстық запыран,  
ойлаппын ба өлем деп бір күні удан, Сылаң-шың?!

### IV

Дүшпанмен шығып жекпе-жек,  
мауқымды баспай өлтіріп,  
ашиды удай кекті өзек,  
бola алмадым ба бөлтірік?

Тәнірім, қайтіп жай табам,  
жебемнің ұшын қайрадым,  
желбірер ме екен қайтадан  
Бөрлі менің байрағым?!

### V

Байлық болды сүм жалғанның тірегі,  
күні құрысын сиыр сауған кедейдің.



Бөрі де лақ, шайлыққан соң жүрегі,  
Тәнірқұтым, сені көрсем не деймін?

Алтын тақта айбары асқан Модэнін,  
шаньюй барда мен де тарлан бөрі едім,  
мойыныма енді салды табғаш көгенін,  
Тәнірқұтым, сені көрсем не деймін?

Көк пен Жерден жаратылған айбындым,  
Жер-Суымнан қапияда айырылдым,  
Күн мен Айға қолды жайып қайғырдым,  
Тәнірқұтым, сені көрсем не деймін?

Ер үлдарым құлақ кесті құл болды,  
ару қыздар жүзі төмен күн болды,  
сайгулігім жал-қүйрықсыз тұл болды,  
Тәнірқұтым, сені көрсем не деймін?

Бөрі ғұнның басқаннан соң аптығын,  
тойлап жатыр Көктің ұлы шаттығын,  
қамкөңілді жұбата алмай батты Күн,  
Тәнірқұтым, сені көрсем не деймін?

## VI

Мен күнега батқам мұлде,  
түйді Тәнір желкеден.  
Шығып келе жатқан Күнге  
тағым еттім ертемен.

Тұып келе жатқан Айға  
тағым еттім кешкілік.  
Күнәм болса,  
актамай ма,  
аңзы зарым естіліп?!

## VII

Қолдамай аруақ кейпінде таяған елес,  
қиналған кезде келмеді түсім көмекке.  
Қай дәуірде де ғұнды ешкім аяған емес,  
ендеше ғұн да біреуді мұсіркемек пе?!



Тақымым терге малшынып түлпарға мініп,  
егеулі наиза ап шығамын жорыққа, сірә.  
Тұғынан от шашады қырқамда күлік,  
аждаһаның да ол қоймайды қорықласына!..

Әзірге, қош!

Қош, Сылаң-шың артымда қалған,  
Күн батар тұсты бетке алдым тыншыған өңмен!  
Иттің күшігі аңсызда алқымнан алған  
кекжалдың жүнін жыға алмас,  
қыңсылағанмен!..

## ЖОРЫҚТАН СОҢ

Сюзжу тилөйтгянь, пугу тогоудан.

*Fұндардан қалған жалғыз сөйлем.*

Тұбіне жаудын,  
жойды ма,  
жетіп,  
төгілді, шіркін, қанша қан!  
Атының ері мойынына кетіп  
келеді бір ғұн шаршаған...

Шаршаған ғұнға күйды Күн нұрын,  
желпіп жел,  
терін құрғатты.

Екі етпеп еді бүйрығын бұның  
жауынгерлері қымбатты.

Жауынгерлері шетінен мығым  
ер еді –  
нағыз бөрі еді.

Жоғалды Жердің бетінен бүгін,  
қабірін самал өбеді.

Қолбасы қорқау –  
қанқұмар ер-ді,  
өскер ме жорық тілеген?!

Таң қылмақ болды ол даңқына өлемді  
қарының қымызы шіреген.

Жападан-жалғыз келеді бір ғұн  
адасқан аксақ тоқтыдай.



Қашанда елдің көрері –  
қырғын,  
не істепейсін, тоқтық-ай?!

Тағдыры тағы танытты тарлық,  
көрді ғұн мұны Тәңірден:  
“Атаңа нәлет, данққұмарлық,  
алдадың, – демей, – сағыммен!”

Жығылды туы –  
Берілі байрақ,  
төгілді, шіркін, қанша қан!  
Жолы болмаған жорығын ойлап  
келеді бір ғұн шаршаған...

## ДҰФА

Тенрі тег тенріде болмыш...  
*Күлтегін ескерткіши.*

Жасаған, дүғамды қабыл ет,  
бір ғана өзіңе сиындым!  
Тәңірі секілді Тәңірі ек,  
пенде ғып қинағын қын күн.

Артта қап Жерүйық – Өтүкен,  
қашты бақ,  
құтым мен ырысым.  
Тоз-тоз боп көк түрік бетімен,  
тарыдай шашылды күні үшін.

Жұмақтан қуғызған Адамды  
арбады өзәзіл өбілет.  
Күні оның мәңгілік қараңғы,  
мың мәрте айтамын лағынет!

Әзәзіл азғынға лағынет,  
жараттың оны өзің мұскін ғып.  
Жасаған, дүғамды қабыл ет,  
түрікке бер қайта күш,  
бірлік!

Түрікке қайта ұстат тізгінді,  
тірлісін өзіңнің қосының.



Рақымды,  
әділ һәм ізгі үнді  
мадаққа лайықты есімің!

\* \* \*

Кезімді алмай жатырмын жүлдышызды көктен,  
жүлдышызды әсем моншақ қып мұн тіздім еппен.  
Інжуден мынау қос уыс көсіп алса ғой,  
іздесен,

бірін таппассың күндіз түнектен!..

Бір жүлдыш жымың қағады...

Жүлдышы кімнің?..

Сарыны жетті құлаққа бір қызық үннің.  
Бұл жүлдышы, сірә, Модәнің жүлдышы шығар  
тербеткен сырлы өуезі мұнды жырымның.

Бір жүлдыш жымың қағады...

Жымындаған кім?..

Жүлдышы қайта туды ма Бумын қағанның?  
Інір кеп жүтқан шегіртке үніндей болып,  
кеудемде менің құмықты шырылдаған мұн.

Білмеймін:

Шолпан,  
я Темірқазық екенін,  
бір жүлдыш жымың қағады...

Тәжім етемін.

Түркістандағы мазарға түсірді нұрын,  
жүр ме өлде жебеп Қожа Ахмет Әзіреті елін?..

Кезімді алмай жатырмын жүлдышызды көктен,  
жүлдышызды әсем моншақ қып мұн тіздім еппен.  
Інжуден мынау қос уыс көсіп алса ғой,  
іздесен,

бірін таппассың күндіз түнектен!..

\* \* \*

Арқа сүйерім... Тәнірім менің.  
Хойто-Тамир ескерткіши.

Сүйдім мен Күннің жарығын керім,  
нұр екен ғұмыр дегенім.



Арқа сүйерім... Тәнірім менін,  
пенденді ұдайы жебедін.

Менімен егіз бәрібір де мұн,  
көктің де кірбің бұлты бар.  
Арқа сүйерім... Тәнірім менін,  
қамықсам,  
жүрек бұлқынар.

Тауысылып тағат,  
сабырым;  
демім  
үздігіп сүйдім бір қызды.  
Арқа сүйерім... Тәнірім менін,  
телідің маған жүлдызды.

Кеш мені,  
кейде налыздым,  
қолым  
жетпей сол асқақ арманға.  
Арқа сүйерім... Тәнірім менін,  
көндім мен өзің салғанға.

Көз алмай көкке сан үңілгенім  
жадымда ғашық күндері.  
Арқа сүйерім... Тәнірім менін,  
әрдайым жебеп жүр мені!..

## **ТӘНІРІ ДАУЫСЫ**

*(Жиделі-Байсындағы жұмбақ кратерден табылған алып  
метеоритке қашалған көне күл жазудан)*

Үзе көк теңрі // Асра йағыз йір қылышын-  
дукта екін ара кісі оғлы қылышныс // Kісі  
оғлынта үзе ечум-апам Бұмын қаған, Истемі  
қаған олурмыш // Олутыпан түрк будуның  
ілін төрүсін тута бірміс // іті бірміс.

*Күлтегін ескерткіши.*

### **1. Менің атым**

Білін: буны йаратығма көк Тенрі!

Менің атым домбыраның үнінде  
тұратұғын қолында ылғи күмбірлеп.



Қу қарағай көне шумер тілінде  
сыр ашады: “Діңгір! Діңгір! Діңгір!” – деп.

Ұлұғ Тенрі йарылқазун бітідім.

## **2. Мен жараттым**

Білің: буны йаратығма көк Тенрі!

Әуелі Көк, сосын Жерді жараттым,  
Жер үстіне адамзатты тараттым.  
Тәнті қызып барлық адам баласын,  
туркілердің ауызына қараттым.

Ұлұғ Тенрі йарылқазун бітідім.

## **3. Зергер**

Білің: буны йаратығма көк Тенрі!

Емес, сірә, тозатұғын бұл кенеп,  
қағаз да емес кететін тез өртеніп.  
Түнгі аспанды жүлдышдармен сіркелеп,  
безендірдім кірпігімнен зер төгіп.

Қияметке дейін тұрар мәңгілік,  
мадақ лайық мұндай ұлы зергерге.  
Қарайсындар көздерінді қандырып  
менің салған өрнегіме сендер де.

Ұлұғ Тенрі йарылқазун бітідім.

## **4. Бірлік**

Білің: буны йаратығма көк Тенрі!

Жер мен үшін түкке арзыmas бір нүкте.  
Ой-сананды ояу ұста, мұлгітпе.  
Қасиетті Жер-Су – құтты мекениң,  
ал түркінің мәңгілігі – бірлікте!

Ұлұғ Тенрі йарылқазун бітідім.



### 5. Жер – адамзат бесігі

Білің: буны йаратығма көк Тенрі!

Адамзаттың тауысылмайды несібі,  
Жер – олардың тербетілген бесігі.  
Фарыштан да жай беремін мен оған,  
жарылқамас Жаратқанның несі ұлы?!

Ұлғұ Тенрі йарылқазун бітідім.

### 6. Қанағат

Білің: буны йаратығма көк Тенрі!

Адамға мен көп қасиет сыйладым,  
өзгелерден артық қылдым иманын.  
Қасиеттің ең ұлысы – қанағат,  
шүкір қылсаң, сарқылмайды жиғаның.

Ұлғұ Тенрі йарылқазун бітідім.

### 7. Ата-баба аруагы

Білің: буны йаратығма көк Тенрі!

Билігім бар шетсіз-шексіз уақытқа,  
мен қаласам, қондырамын тақытқа.  
Ата-баба аруагын ұмытқан  
адамдарды бөлемеймін бақытқа.

Ұлғұ Тенрі йарылқазун бітідім.

### 8. У мен бал

Білің: буны йаратығма көк Тенрі!

Бір қолға у, бір қолға бал ұстатаң,  
тірілерді сынға салдым Жердегі.  
Егер төлім ала алмаса үш татың,  
есіркеуге хақым жоқ ол пендені.

Ұлғұ Тенрі йарылқазун бітідім.



## 9.Менің сөзім

Білің: буны йаратығма көк Тенрі!

Менің сөзім ескірмейді ешқашан,  
кенесімді ұста әрдайым жадында.  
Шамшырақтай, жалған жамау қоспасан,  
жөн сілтемек сен қиналған шағында.

Әр сөзімнің қырық қатпар мәні бар,  
тәпсір жазып таратады ғұлама.  
Қаза берсе, көп қазына табылар.  
Бұрмалаған батпақ шексіз күнега.

Ұлғұ Тенрі йарылқазун бітідім.

\* \* \*

Тұсімде жортқан ашқұрсақ бөрі көремін,  
мүмкін бе, тегі, тартпауым тегіме менің?!  
Өз патшасына сыр ашқан сөз патшасымен  
жырауларындаі даламның тебіренемін.

Сезінемін мен өзімнің бөрі екенімді,  
ұлысам,  
дүшпан жігерін жер етерімді.  
(Абылай ханның тұсіне жолбарыс еніп,  
Тәңірім неге мүншама келеке қылды?!.)

Қозады арқам,  
желбіреп Бөрілі байрак,  
шеруге шығып шегеді шерігім айбат.  
Тәңірім ту ғып көтерген далама қарап,  
түнімен көрген тұсімді жорыдым әйбат.

Тасаттық беріп,  
нұр тамбай алашқа көктен,  
азынайды абыз ауылды аластап отпен.  
...Ескеңдір түгіл,  
бұл қырда есендіреген  
Кутейба дағы екпіндеп Таласқа жеткен!..

Бір қисын тауып тауарих жазған өбжадтан,  
жымиды далам ерініне жаз далап жаққан.



Киялға батқан тас бәдіз...

Мен сияқты ол да  
өзінің қайдан келгенін қазбалап жатқан.

Жыр жазған кезде жамалар шеріне шері  
ақынға бәдіз не десін соры бес елі?!.  
Мың жылдық мұз бар қабакта,  
тас жүргегі де  
“бауырым-айлап” құшқанмен,  
ерімес еді.

Байлаған емес тілімнің Тәнірім бағын,  
жаңылмас, сірө, сазынан әнім,  
ырғым.  
Керегеден бір көз алмай,  
алысқа қарап  
ырылдан алдым ашулы...  
Тағы ырымдадым!..

### **ФАИР ХАННЫҢ ТҮТҚЫНҒА ТҮСЕРДЕГІ СОҢҒЫ СӨЗІ**

Қараджа!\*

Айтса, тындағанбысың?!  
Кеміл-ді опа таппасың!  
Жамылып, әттең, түн қараңғысын,  
жауға аштың қала қақпасын!

Күл болды-ау жанып һөүізді бағы,  
айналды-ау ордам обага!  
Жан алмақ болған жауызды дагы  
түсірсем деп ем тобага!

Отыrap —

жасыл мекенім,  
білем,  
жетпейді оған бар өлем!  
Сезгенде сатқын екенінді мен,  
басынды өзім-ақ алар ем!

\* Караджа — Отыrap қорғаушыларын опасыздықпен сатып кеткен колбасылардың бірі.



Көзімнің сәнді-ау оты да мүлдем,  
тарылды-ау қатты тынысым!  
Өлмесем бірге Отырарыммен,  
Фаир хан атым құрысын!!!

Қош!..

Қош!..

Қош!..

Құтым!..

Ырысым!..

## ОТЫРАРДАҒЫ ОЙ

Қорғандар...

Үйлер...

Таныс өрнегі,  
қараймыз біздер қайран қап көптен,  
Шыңғыстың қекжал қанішерлері  
қала еді бір кез ойрандал кеткен!..

Қорғапты Faир жігермен елін,  
келемін бәрін үгип діліммен:  
бергенше жауга ол жүген мен ерін,  
ажалға басын тігілті мүлдем.

Останын дүшпан қан қақsatқанда,  
тізіпті сардар батырын қаздай,  
қылышпен басын жанғақша атқанда,  
кетіпті-ау ерлер тақымын жазбай!

Жөңкілген жаудан саспаған жасақ  
қорғанын қайта қалады қышпен.  
Шабылған бастан тостаған жасап,  
Шыңғыс хан болса,  
шарабын ішкен...

Астында құмның жарық оты бар,  
қайғыға толы жыл,  
ғасыр еткен,  
ыңырсиды өлі алып Отырар,  
қайысып белі бұл қасіреттен!..

## КӨНЕ КӨЗЕ

Халиолла Байменовке

Түн.  
Ымырт тұскен.  
Отырар қарауытады.  
Экспедиция тынықты далада ас қамдап.  
Археологтар қосының алауы  
тағы  
барады аспандап.

Достарым менің мұлгіген мына шөрінің  
қыртысын талай ақтарған;  
қыш қана сейлеп береді,  
сұраса мұның  
тағдырын  
үелаяттардан.

Отырар жым-жырт.  
Жатыр ол жонымен қарал  
байыпты аспанга:  
— Қалтаған нәпір,  
қара нор көріп ем, қарақ,  
тәніме тұскен тұқттан айықлас таңба!

Бүгінде сендер  
шипалы қолдарыңменен  
зер салып,  
үнілмесендер,  
мужіліп барам, адамдар, онда мұлде мен!—  
дегендей үнсіз.  
Қарадым сосын абайлап:  
кенеттен шырқай жөнелді сазды орыс өні.  
Ортағасырдың шәугітімін мосыға байлап,  
археологтар шай демдеп,  
мәз болысады.

Сүйем мен сені, Отырар!  
Мың арман күреп,  
өзінен үшқан балаңның біреуі мен ем.  
Келгем жоқ саған Тарбан деп,  
Тұрарбанд деп,  
көгергем осы ел қартының тілеуіменен!